

Биыл 28 тамызда қоғам қайраткері әрі ұлт мәдениетінің жанашыры, Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 95 жыл толады. Осы айтулы мерейтой аясында университетімізде «Мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің Торғай өңіріндегі қызметі» атты кездесу өтті.

Тағылымға толы кездесудің басты қонақтары Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының» директоры Терек Рауан Абдуллажанұлы, Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының» әдіскері Дүзбай Нұрым Маратұлы және филология ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Құлбек Ерғөбек болды.

Жиын барысында Рауан Абдуллажанұлы Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының» халқымыздың рухани асыл қазыналарын жинақтап, өткені мен бүгінін жалғап отырған Өзбекәлі Жәнібековтің ең алғашқы ашқан мұражайы екенін және ол 1972 жылдың 4 ақпанында құрылғанын, мұражай халық батыры Амангелді Имановтың туғанына 100 жыл толуына орай, 1973 жылдың 28 шілдесінде алғашқы көрермендерін қабылдағаны жөнінде сөз сөйледі. Сондай-ақ «Шертер» этнографиялық-фольклорлық ансамблінің шет елдердегі концерттеріндегі афишалары және Өзбекәлі Жәнібековтің өз қолымен салған ұлттық киімдерінің эскиздері мұражайда сақтаулы екендігін атап өтті.

Ал Дүзбай Нұрым Маратұлы елу үш жылдан астам халыққа қызмет етіп келе жатқан мұражай қорында 77 мыңнан астам жәдігер сақталғанын, соның ішінде 150-ден астам түрін Өзбекәлі Жәнібеков өзі жинап, мұражай қорына тапсырғаны жөнінде айтып, мұражайдағы көне жәдігерлермен таныстырды. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Құлбек Ерғөбек Өзбекәлі Жәнібеков жайында қызықты оқиғаларымен бөлісіп, биік тұлғаның есімі ел есінде қалуы керек екенін айтты.



